

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 48-мәжілісі
ШЕШІМДЕРІ

Түркістан / Қазақстан

24/06/2014

Университет атауының түрлі тілдерде жазылуына байланысты ректорат ұсынысын талқылау

11. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атауы, құрылуына байланысты, жалпы негіздер халықаралық Келісім мен Жарғыда белгіленуімен қатар университет атауының, әсіресе ағылшын тілінде жазылуындағы пайда болған шиеленістерге байланысты ректораттың ұсынысы талқыланды.

Осы шиеленістерді жою мақсатында университеттің түрлі тілдерде және орындарда университет атауының жазылуын төмендегідей белгіленуіне:

11.1. Ресми хаттарда университеттің халықаралық Келісімде жазылғандай, төменде берілген толық атауының қолданылуына:

Қазақ тілінде: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түрік тілінде: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Орыс тілінде: Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави

Ағылшын тілінде: Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

11.2. Ресми хаттардан тыс, веб-сайт, тақтайшалар т.б. жерлерде университеттің Жарғысында белгіленген төмендегі қысқаша атауының қолданылуына:

Қазақ тілінде: Ахмет Ясауи университеті

Түрік тілінде: Ahmet Yesevi Üniversitesi

Орыс тілінде: университет Ахмеда Ясави

Ағылшын тілінде: Akhmet Yassawi University

11.3. Университеттің веб-адресінің төмендегідей қолданылуына, осы күнге дейін алынған басқа адресстер болса осы адресстерге бағытталуына, www.ayu.edu адресі алынған жағдайда соны негізге алынуына:

Қазақстанда: www.ayu.edu.kz

Қазақстанда Түркия бөлімі үшін : www.ayu.edu.kz/turkiyebirimi

Түркияда: www.ayu.edu.tr

шешім қабылданды

Білім беру және ғылыми зерттеу жұмыстарының негіздері мен тәртібін Сенатта қабылданатын ережелермен реттеу, регламенттерге өзгерістер енгізу ұсыныстарын талқылау

12. Университет Жарғысының 10-бабы b, e және g тармақшаларында білім беру, сынақ және емтихан, тәртіп, ғылыми зерттеу және баспа жұмыстары бойынша шешім қабылдау құзыреті университет Сенатына берілгендіктен, халықаралық Келісім мен Жарғыда Өкілетті Кеңеске жүктелген міндеттер мен қызметтер өзінде қалу шартымен білім беру, сынақ және емтихан, тәртіп, ғылыми зерттеу және баспа жұмыстарына байланысты мәселелердің университет Сенатында қабылданатын ережелермен реттелуі, осы бағытта кейбір регламенттердің күшін жою және регламенттерге өзгеріс енгізу ұсыныстары талқыланды.